



ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

4 апта

**9-11 сыныптарға арналған апталық
қосымша тапсырмалар**



4 апта



Апталық кітап:

- **9-сынып:** Оралхан Бөкей – “Апамның астауы”
- **10-11-сынып:** Сәбит Мұқанов – “Балуан Шолақ”



Апталық челлендж:

«Үздік буктрейлер»



Апталық жоба:

- «Күн тәртібі»
- «Талғаммен тамақтан»



Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Әдептілік»



Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

- «Байқап қал!»
- «Сөздік қорыңды тексер!»



Отбасымен бірге көруге арналған фильм:

- «Көшпенділер» – www.kinopoisk.ru/film/47270/



Апталық қолөнер жұмысы:

Каллиграфиямен өз есіміңізді жазыңыз

4 апта

Апталық челлендж

- Үздік буктрейлер (көркем шығарма жайында айтылатын шағын бейнетүсірілім)

Мақсаты: ойы мен сөзін нақты әрі көркем түрде жеткізуге машықтандыру.

Орындалуы: Осы жоба барысында әр аптаға түрлі көркем шығармалар оқуға ұсынылды. 4-аптада оқушы солардың ішінен өзіне ерекше ұнаған шығарманың қысқаша мазмұнын баяндайтын видео түсіріп, сыныптастарымен бөліседі. Нәтижесінде, мұғалім оқушының сөйлеу шеберлігі мен кітапты қаншалықты оқығанын байқай алады.

Апталық жоба:

- «Күн тәртібі»

Орындалуы: Зерттеу жұмысының алғашқы аптасында оқушы өзіне-өзі зерттеу жасайды. Бір күндік тәртібін, тамақтануын және ұйықтау уақыттарын белгілеп жүреді. Кейінгі аптасында күнделікті тамақтанатын тағамдарының құндылығына зерттеу жасайды. Мысалы: балық, тауық, сәбіз, алма, шоколад т.с.с құрамында қандай витамин, протеин, қанша калория т.с.с. бар және қаншалықты пайдалы түрде іске асып жатыр?

Қорытынды: Зерттеу жұмыстарының қорытынды аптасында оқушы өзінің салауатты өміріне қаншалықты үлес қосып жатқандығына талдау жасап, салыстырмалы түрде күн тәртібіне қандай өзгерістер енгізгенін белгілеп алады. Сондай-ақ, презентация жасау арқылы ата-аналарымен немесе достарымен бөліседі.

4 апта

- “Талғаммен тамақтан”

Мақсаты: күнделікті немесе жиі қолданатын кондитерлік, жартылай дайын өнімдердің (полуфабрикат), сусындардың құрамына зерттеу жасау арқылы пайдалы тағам тұтынуға дағдыландыру.

Орындалуы: Оқушыларға өздері жақсы көретін шоколадтың (печенье не болмаса қытырлақ картоптардың) 3-4 түрін алып, олардың құрамына зерттеу жүргізу тапсырылады. Жұмыс барысында оқушы өнім құрамындағы әртүрлі майлар, консерванттар, қанталмастырушы қоспалар жайлы ізденеді, толық мәлімет жинауға тырысады. Нәтижесінде, зиянды тағам түрлерінен бас тартып, дұрыс тамақтануға ден қояды. Өздері зерттеген өнімдердің денсаулыққа пайдалысын және ең қауіпсізін таңдауға үйренеді.

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Әдептілік»

Әдептілік жайында ғибратты әңгіме:

«Ойды үш електен өткізу»

Бір адам Сократты көре салып:

- Айтпақшы, осы сенің досыңның маған не айтқанын білесің бе? – депті.

Сонда Сократ ойланбастан:

- Сәл кідір, алдымен айтқалы тұрғаныңды үш електен өткіз, - депті

- Үш електен?

4 апта

- Бірнәрсе айтпас бұрын, алдымен оны електен өткізу керек. Ең бірінші шындық елегінен. Айтайын деп тұрғаның шындық екеніне көзің жете ме?
- Жоқ, мен тек естідім.
- Сөйтіп сен айтайын дегеніңнің шындық па, жоқ па оны білмейсің. Онда екінші елек. Ол – жақсылық елегі. Менің досым туралы жақсы нәрселер айтпақшысың ба, жоқ па?
- Онша жақсы нәрселер емес. Менің бұл әңгімелерге еш қатысым жоқ. Мен тек басқалардан естідім.
- Сонда әңгімеңде жақсылық та жоқ. Солай ма? Олай болса соңғы електі қолданып көрейік. Сенің айтпақ болғаныңды менің білуім міндетті ме?
- Жоқ, ондай қажеттілік жоқ.
- Сонымен, - деді Сократ, - сенің айтқың келген ойыңда шындық та, жақсылық та, пайда да жоқ. Онда айтудың да қажеті жоқ. – депті.

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: «Байқап қал!» – ұлттық ойын.

Мақсаты: Ойын балалардың көру, ойда сақтау қабілетін дамытады.

Қажетті заттар: 15–20 ұсақ заттар (қалам, сағат, жүзік, түрлі ойыншық, кішкене сурет т. б.)

Орындалуы: Бұл ойынға отбасы мүшелері екі топқа бөлініп қатысады. Екі топ өздеріне басшы тағайындап алады. Олар стол үстіне 15–20 ұсақ нәрсені (қалам, түрлі ойыншық, кішкене сурет т. б.) қойып, бетін шүберекпен жабады, екі жағының да топ басқарушылары өзгелерге көрсетпей, стол үстіндегі нәрселердің

4 апта

тізімін жазып алады. Ойыншыларға бір минут көрсеткеннен кейін оларды шығарып жіберіп, өздері көрген нәрселердің тізімін жазып келулерін тапсырады. Қай топтың мүшелері стол үстінен көрген нәрселердің түрін көп жазып келсе, сол топ ұтқан болып саналады.

Аптаның жобасы:

- Сөздік қорыңды тексер!

Орындалуы: Кез келген парақты алып, оны 9 бағанға бөлсеңіздер болады. Мысалы,

Адам аты	Ел	Қала	Кітап	Жануарлар	Көлік	Жазушы	Фильм	Басқа
----------	----	------	-------	-----------	-------	--------	-------	-------

Ойыншылар бағандарды бөліп алғаннан кейін кез келген ойыншы бір әріп айтады. Әріп айтылғаннан кейін барлығы сол әріптен басталатын сөздерді жазуы керек. Мысалы, “А” әрпі айтылса.

Адам аты	Ел	Қала	Кітап	Жануарлар	Көлік	Жазушы	Фильм	Басқа
Абылай	Ангола	Атырау	Алдар көсе	Аю	Ауди	Абай	Астерикс және Обеликс	Апельсин

Барлық бағанды толтырған адам, тоқта сөзін айтады. Содан кейін барлық сөздер оқылады. Сөздер әртүрлі болса, әр қатысушыға 5 ұпай. Егер сөзде сәйкестік болса, әр сөз үшін 2 ұпайдан беріледі. Бағананы толтыруды үлгермесе - 0 ұпай.

4 апта

Апталық қолөнер жұмысы:

Каллиграфиямен өз есіміңізді жазыңыз





www.qundylyq.kz